

Қазақстан Республикасындағы инфляция

Жариялау күні: 03.06.2024

Келесі жариялау күні: 01.07.2024

[1. Негізгі сәттер](#)

[2. Инфляция динамикасы](#)

[3. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым](#)

[4. Глоссарий](#)

[5. Әдіснамалық түсініктемелер](#)

[6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер](#)

[7. Пайдалы сілтемелер](#)


1. Негізгі сәттер

Қазақстан Республикасындағы инфляция 2024 жылғы мамырда баяулады, бір жылда 8,5% (2024 жылғы сәуірде – 8,7%), бір айда – 0,4% құрады (өткен айда – 0,6%).

Баға ақылы қызметтерге бір жылда 13,9% (2024 жылғы сәуірде – 13,5%), азық-түлік емес тауарларға – 7,6% (2024 жылғы сәуірде – 7,6%), азық-түлік тауарларға – 5,5% өсті (2024 жылғы сәуірде – 6,3%).

Қазақстан Республикасындағы жылдық инфляция

пайызбен, өсім



2. Инфляция динамикасы

Өткен жылғы мамырмен салыстырғанда тарифтер су бұруға – 43,9%, суық суға – 35,9%, ыстық суға – 35%, орталықтан жылытуға – 33%, электр энергиясына – 31,4%, қоқыс шығаруға 31,2% өсті.

Баға денсаулық сақтау қызметтеріне – 14%, ұялы байланыс, шаштараздар мен жеке қызмет көрсету орындары қызметтеріне – 12,4%-дан, демалыс және спорттық іс-шаралар саласындағы қызметтеріне – 12,1%, салт-жора қызметтеріне – 11,9%, үй жөндеу қызметтеріне – 10,8%, санаторийлер, қоғамдық тамақтандыру қызметтеріне 9,8%-дан жоғарылады. Таксимен жол жүру – 11,7%, қалалық автобуспен – 9,3%, жолаушылар теміржол көлігімен – 5,9%, қалааралық автобуспен 4% қымбаттады.

Баға деңгейі отандық құрастырма жаңа жеңіл автомобильдерге – 13,4%, фармацевтикалық өнімдерге – 11,5%, жиһаз және үйге қажетті заттарға – 11%, киім және аяқ киімге – 10,8%, жеке қолданылатын тауарларға – 8,9%, құрылыс материалдарына – 6,3%, ыдысқа 5,2% өсті. Сұйытылған газ баллондағы 10,8% қымбаттады.

Бағаның өсуі сәбізге – 18,4%, күрішке – 17,4%, минералды және ауыз суға – 16,9%, жаңа жиналған жемістерге – 14,8%, салқындатылған сусындарға – 13,3%, алкогольді

ішімдіктер және темекі өнімдерге – 13,1%, жеміс және көкөніс шырындарға – 11,8%, жаңа ауланған балыққа – 11,7%, сары майға – 11,2%, кондитерлік өнімдерге – 10,9%, бірінші сұрыпты ұннан пісірілген бидай нанға 10,6% тіркелді. Бағаның төмендеуі пиязға – 42,9%, күнбағыс майына – 24,7%, қарақұмық жармасына – 23,9%, ақ қауданды қырыққабатқа – 18,1%, құмшекерге 4,9% байқалды.

Өңірлер бөлінісінде 2024 жылғы мамырда инфляция жылдық мәнде орташа республикалық деңгейден асатын он өңірде қалыптасты, олардың ішінен ең жоғары Қарағанды (10,5%), Маңғыстау (10,2%) облыстарында, Астана қаласында (10,4%).

Өңірлердегі мамыр айындағы жылдық инфляция

	пайызбен, өсім		
	2024	2023	2022
Қазақстан Республикасы	8,5	15,9	14,0
Абай	8,1	15,7	...
Ақмола	8,7	17,6	13,9
Ақтөбе	8,1	16,2	13,9
Алматы	5,6	14,8	13,4
Атырау	8,6	15,9	13,1
Батыс Қазақстан	7,9	16,1	13,5
Жамбыл	7,1	15,6	13,1
Жетісу	8,7	16,7	...
Қарағанды	10,5	15,4	14,8
Қостанай	8,4	16,1	13,5
Қызылорда	7,3	16,1	13,1
Маңғыстау	10,2	17,6	15,2
Павлодар	9,0	16,2	13,6
Солтүстік Қазақстан	9,2	17,3	13,4
Түркістан	6,5	15,3	15,4
Ұлытау	7,5	16,5	...
Шығыс Қазақстан	9,3	16,0	14,5
Астана қаласы	10,4	16,6	14,4
Алматы қаласы	9,0	15,3	13,9
Шымкент қаласы	7,7	15,6	13,6

Динамикалық кестелер:


[1. 2000-2023 жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)

[2. 1993-2023 жылдардағы өңірлер бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)

[3. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым](#)

Инфляцияның жылдық деңгейіне ең үлкен үлесті тұрғын үй қызметтері (2,3 пайыздық тармақ), азық-түлік және алкогольсіз сусындар (2,1 пайыздық тармақ), киім және аяқ киім (1,1 пайыздық тармақ) қосты.

Қазақстан Республикасындағы инфляциясына тауарлардың негізгі топтарының үлесі



Өткен жылда баға нан өнімдері мен жармаларға – 7,5%, ет және ет өнімдеріне 4,7% жоғарылады және инфляцияға тиісінше 0,5 және 0,6 пайыздық тармақ негізгі үлес қосты. Жылдық инфляцияға сүт өнімдері – 6,9%, жемістер мен көкөністер – 4,2% қымбаттауы және 0,3 пайыздық тармақтан, алкогольсіз сусындар (8,3%) – 0,2 пайыздық тармақ үлес қосты.

ТКШ қызметтері бір жылда 17,6% қымбаттады, ал олардың инфляцияға үлесі 2,3 пайыздық тармақты құрады. 2024 жылғы мамырда өткен жылғы мамырмен салыстырғанда орталықтан жылыту – 33%, тұрғын үйді жалға алу 10,2% жоғары болды және тиісінше, жылдық инфляцияға 0,3 пайыздық тармақтан үлес қосты. Электрэнергия 31,4% қымбаттады, 0,7 пайыздық тармақты, суық су (35,9%), тұрғын үй-жайларды жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер (7,8%) – 0,2 пайыздық тармақтан, тиісінше үлес құрады.

2024 жылғы мамырдағы Қазақстан Республикасында жылдық инфляцияға жекелеген құрамдас бөліктерінің үлесі

Тауарлар мен қызметтер	Өсу қарқыны	пайызбен, өсім	
		Баға өсіміне салым	
Азық-түлік тауарлар	5,5	2,330	
Нан өнімдері мен жармалар	7,5	0,509	
Ет және ет өнімдері	4,7	0,584	
Сүт өнімдері	6,9	0,273	
Жұмыртқа	5,9	0,076	
Май және тоң май	-5,6	-0,144	
Жемістер мен көкөністер	4,2	0,315	
Қант	-4,6	-0,055	
Алкогольсіз сусындар	8,3	0,173	
Азық-түлік емес тауарлар	7,6	2,257	
Киім	10,2	0,675	
Аяқ киім	12,2	0,388	
Жуғыш заттар	-1,9	-0,029	
Бензин	2,2	0,066	
Жеке қолдану тауарлар	8,9	0,276	
Ақылы қызметтер	13,9	3,902	
Тұрғын үй қызметтері, су, электрэнергиясы, газ және отынның басқа да түрлері	17,6	2,337	
тұрғын үйді күтіп ұстауға төлем	10,1	0,075	
тұрғын үйді жалға алу	10,2	0,305	
тұрғын үй жайларды жөндеу және қызмет көрсету	7,8	0,199	
суық су	35,9	0,187	
ыстық су	35,0	0,138	
қоқыс шығару	31,2	0,092	
суды бұру	43,9	0,102	
электрэнергия	31,4	0,661	
газ	9,4	0,105	
тарату желілері арқылы тасымалданатын газ	9,1	0,085	
сұйытылған	10,8	0,020	
орталықтан жылыту	33,0	0,329	
қатты отын	9,0	0,131	
домофон	8,7	0,013	

Бір айда ақылы қызметтер бағасының деңгейі – 1%, азық-түлік емес тауарлар 0,5% өсті, азық-түлік тауарлар – 0,2% төмендеді.

Бір айдағы инфляция

	пайызбен, өсім			
	Мамыр			
	тауарлар мен қызметтер	азық-түлік тауарлар	азық-түлік емес тауарлар	ақылы қызметтер
2020	0,5	1,2	0,4	-0,3
2021	0,7	0,8	0,6	0,7
2022	1,4	1,7	1,4	0,8
2023	0,6	0,5	0,5	0,7
2024	0,4	-0,2	0,5	1,0

Динамикалық кесте:

[2000-2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағалары мен тарифтерінің индексі ай сайын](#)

4. Глоссарий

Инфляция – бұл халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтердің белгіленген тізіміне бағаның орташа деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш.

Салым – көрсеткіш бойынша пайыздық өзгерістің инфляцияның жалпы мәніне әсер ету шамасы.

5. Әдіснамалық түсініктемелер

Инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтерге бағаның жалпы деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін көрсетеді.

Тұтыну бағаларының индексін есептеу екі көзден алынған ақпарат негізінде жүргізіледі:

- осы мақсаттар үшін арнайы іріктелген сауда нүктелерінде және қызмет көрсету орындарында оларды тікелей тіркеу арқылы жиналған бағалардың өзгеруі туралы деректер;

- халықтың нақты тұтыну шығыстарының құрылымы бөлігінде үй шаруашылықтарын зерттеу материалдары.

Бағалардың өзгеруі туралы ақпарат жинау қалалар мен аудан орталықтарының іріктемелі тобы бойынша, барлық облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада жүзеге асырылады. Сауда және қызмет көрсету саласының базалық кәсіпорындарын таңдау жергілікті жерлерде жүзеге асырылады. Зерттеуге әртүрлі сауда жағдайлары бар және жаппай сұранысқа ие тауарларды (қызметтерді) үнемі өткізетін кәсіпорындар ұсынылуы үшін сауданың және ақылы қызметтердің барлық түрлерінің объектілері іріктеледі.

Тұтыну бағаларын байқау және ТБИ есептеу үшін тауарлар мен қызметтер жиынтығы Қазақстанның барлық өңірлері үшін олардың бірыңғай іріктемесін білдіреді. Тауарлар мен қызметтердің тізімі 508 позициядан тұрады, оған халықтың тұтынуында ең көп үлес салмағын алатын ең өкілді түрлер кіреді.

Бағалар туралы ақпарат жинауды баға тіркеушілері тауарды (көрсетілетін қызметті) өткізу орындарында тікелей жүргізеді. Тексеру жүргізілген күні төленген тауарлардың бағасы, салықтарды қоса алғанда, бірақ оларды жеткізгені үшін қосымша алымдарды қоспағанда тіркеледі.

6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[Тұтыну бағаларының индексі және туынды көрсеткіштер](#)

[Қазақстан Республикасындағы жекелеген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бөлшек сауда бағалары](#)

[Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға индексі және орташа бағалар](#)

7. Пайдалы сілтемелер

[Тұтыну бағаларының индексін құру әдістемесі \(ТБИ\)](#)

["Тұтыну тауарлары мен ақылы қызметтердің бағаларын тіркеу дәптері"Ц-101 нысаны](#)

[Тұтыну бағаларының индексі, сапа бойынша есеп, 2021ж.](#)

[Тұтыну бағаларының индексі, "Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)

www.new.stat.gov.kz / Экономика/ Баға статистикасы

Шығаруға жауапты: Баға статистикасы департаменті	Орындаушы: А.Макижанова Тел. +7 7172 749265	Департамент директорының м.а.: Ж.Токбаева Тел. +7 7172 749790	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
---	--	--	---